«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

20 09 18 № 02-09/2122

«Рысбай-Ел» ЖШС-гі
Астана қаласы. К.Сатбаев,
даңғылы 13А
Тел 87172 767996.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2726640-1 санды «Ақпараттық материалдарды дайындау және басып шығару бойынша бойынша қызмет көрсетулер» лот №19995245-ОК1 сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 29.08.2018 жылғы №21470 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9 бабының 1 тармағында әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылатыны көрсетілген және осы аталған баптың 3 тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының 85-1-тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

№2726640-1 санды электрондық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алудың лот №19995245-ОК1 санды техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушіге интернет-порталдың меншікті иесі болуы, техникалық ерекшелік белгілеріне сәйкес құжатпен растауы, сондай-ақ ақпараттық агенттікке тіркелуде тұруы тиіс. Журналистика саласындағы адам ресурстарын иелену жөнінде біліктілік талаптар қойылған.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзушылық деректерінің орын алмағандығы назарыңызға беріледі.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
тел: 8 7292 31-90-92.